

Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесін және басым дақылдар өндіруді субсидиялау жолымен өсімдік шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2017 жылғы 24 қарашадағы № А-12/546 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 5 желтоқсанда № 6203 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2019 жылғы 29 сәуірдегі № А-5/196 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 29.04.2019 № А-5/196 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11094 болып тіркелді) сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бекітілсін:

осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі;

осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес басым дақылдар өндіруді субсидиялау жолымен өсімдік шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын

жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары.

2. "Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесін және басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялардың нормаларын (1 гектарға) белгілеу туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № А-6/281 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4834 болып тіркелді, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылдың 3 шілдесінде жарияланды) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысы әкімінің орынбасары А.С.Үйсімбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының
әкімі

М.Мырзалин

Ақмола облысы әкімдігінің
2017 жылғы 24 қарашадағы
№ А-12/546 қаулысына
1-қосымша

Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі

№ п/п	Басым дақылдардың атауы
1	Егістікте және (немесе) шабындық пен жайылымдық алқаптарды шалғындандыру және (немесе) түпкілікті жақсарту үшін себілген бірінші жылы өсіп жатқан көп жылдық шөптер
2	Сүрлемдік жүгері
3	Біржылдық шөптер (дәнді масақты дақылдарды қоспағанда)
4	Қорғалған топырақ жағдайында өңдеп өсірілетін көкөніс дақылдар

Ақмола облысы әкімдігінің 2017
жылғы 24 қарашадағы
№ А-12/546 қаулысына
2-қосымша

Басым дақылдар өндіруді субсидиялау жолымен өсімдік шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруға, жанар-жағармай

материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары

№ п/п	Басым дақылдардың атауы	1 гектарға субсидия нормалары, теңге
1	Егістікте және (немесе) шабындық пен жайылымдық алқаптарды шалғындандыру және (немесе) түпкілікті жақсарту үшін себілген бірінші жылы өсіп жатқан көп жылдық шөптер	2 462,9
2	Сүрлемдік жүгері	3 700,0
3	Біржылдық шөптер (дәнді масақты дақылдарды қоспағанда)	2 400,0
4	Қорғалған топырақ жағдайында өңдеп өсірілетін көкөніс дақылдар	17 993 983,9

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК